

Білім беру Мекемесі
Жоғары Медициналық
"АЯЖАН" колледжі



Учреждение образования
Высший Медицинский
Колледж "АЯЖАН"

БЕКІТЕМІН
ББМ Жоғары Медициналық
"Аяжан" колледжі директоры
_____ **К.К.Курумбаева**
« » _____ **2025 жыл**

«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы аясындағы
2025-2026 оқу жылына арналған тәрбие жұмысының
Ж О С П А Р Ы

2025-2026 оқу жылы

ТҮСІНІК ХАТ

Мемлекет басшысы Ұлттық құрылтайдың төртінші отырысында «Біртұтас тәрбие» бағдарламасының атауын «Адал азамат» деп өзгерту туралы шешім қабылдады. (бұдан әрі – Бағдарлама). Бағдарлама бұған дейін іске асырылған бастаманың толыққанды жалғасы болып табылады. Бағдарламаның түпкі мақсаты «Адал азамат» тұжырымдамасының идеалдарына сай, патриоттық рухта тәрбиеленген, білімді әрі жасампаз ұрпақты қалыптастыру. Жаңа оқу жылында тәрбие жұмысы МЖМББС сәйкес айқындалған негізгі 6 құндылық негізінде ұйымдастырылады. Бағдарлама мазмұнына сәйкес ай сайын өткізілетін тұрақты іс-шаралар білім алушылардың біртұтас тұлғасын қалыптастыруға бағытталуы тиіс:

Қыркүйек – еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы;

Қазан – тәуелсіздік және отаншылдық айы;

Қараша – әділдік және жауапкершілік айы;

Желтоқсан – бірлік және ынтымақ айы;

Қаңтар – заң және тәртіп айы;

Ақпан – жасампаздық және жаңашылдық айы;

Наурыз – тәуелсіздік және отаншылдық айы;

Сәуір – еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы;

Мамыр – бірлік және ынтымақ айы.

Маусым – жасампаздық және жаңашылдық айы;

2024–2025 оқу жылының қорытынды сауалнамасының нәтижесіне сәйкес, жаңа оқу жылында Бағдарлама аясында ұсынылған 6 әлеуметтік жоба мен алдын алу шаралары бойынша жұмысты күшейту ұсынылады.

- *Тәуелсіздік және Отаншылдық
- * Бірлік және Үлгі
- * Әділдік және Жауапкершілік
- * Заң және Тәртіп
- * Еңбекқорлық және Кәсіби біліктілік
- * Жасампаздық және Жаңашылдық

Тәрбиенің мәні – ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтар негізінде білім алушылардың тұлғалық қасиеттерін қалыптастыру үшін жағдай жасау. Құндылықтар адамның белгілі бір әрекет етуге деген тұрақты сенімін білдіреді және жеке адамның да, бүкіл қоғамның да өркендеуінің негізі болып табылады. Құндылық білім алушының өмірлік ұстанымына, іс-әрекетіне, мінез-құлқына, дүниетанымына және этикалық нормаларды сақтауына әсер етеді. Әрбір құндылық оқу, тәрбие процесінде жүйелі түрде көрінеді. Тәрбиенің негізі – оқыту, тәрбие және дамудың бірлігін қамтитын үйлесімді дамыған тұлға «Толық адам» ұлттық идеясы болып табылады. Тәрбие – ұрпақты биік мұратқа жетелейтін сапалы білімнің тұғыры және тұлғаның адамгершілік тұрғыдан толысуын қамтитын үздіксіз процесс.

Тәрбие жұмысының негізгі әлеуметтік жобалары:

- «Қамқор» - әлеуметтік жобаларды жүзеге асыру арқылы құндылықтарды дәріптеу.
- «Еңбегі адал – жас өрен» - білім алушылардың әртүрлі мамандыққа деген қызығушылығын арттыру және еңбекқорлық идеясы арқылы құндылықтарды дәріптеу.
- «Smart bala» - инновациялық жобалар конкурсы арқылы құндылықтарды дәріптеу.
- «Шабыт» - білім алушылардың шығармашылық әлеуетін ашу арқылы құндылықтарды дәріптеу.
- «Ұшқыр ой алаңы» - тілдік дағдыларды дамыту және тақырыптық талқылау арқылы құндылықтарды дәріптеу.

Тәрбие жоспары құндылықтарды қалыптастырудағы күнделікті, апта, ай сайын өткізілетін тұрақты іске асырылатын іс-шараларды қамтиды. Құндылықтардың білім, білік және дағды түрінде ұсынылған жүйесі оқу-тәрбие

процесін ұйымдастыруда және сынып сағаттарын жоспарлауда қолданылады. Әр сынып сағатының соңында 10 минут көлемінде білім алушының жеке қауіпсіздігіне уақыт бөлу ұсынылады, яғни қауіпсіздік сағаты өткізіледі.

Тәрбие мен оқытудың сабақтастығын қамтамасыз ету үшін білім алушылардың білім, білік және дағдыларының сипаты ұсынылады. Ұсынылған құндылықтар жүйесін мектеп педагогтері сынып сағаттарын мақсатты түрде жоспарлауда және күнделікті сабақ мазмұнына кіріктіруде қолдана алады. Бұл білім алушылардың бойына құндылықтарды дарытуда және олардың табысты әлеуметтенуіне, зияткерлік және тұлғалық дамуына, сондай-ақ Қазақстанның болашақ азаматтарының кәсіби қалыптасуына ықпал ете алады.

Кураторлық сағаттарының мазмұнына келесі алдын алу шаралары біріктіріледі:

Цифрлық әлемде қауіпсіз қадам;

Буллингтен қорған!

Ойынға салауатты көзқарас;

Өмірге салауатты қадам;

Қоғамдық мүлікті қорға!

Қауіпсіз қоғам.

Күнделікті сабақтың қысқа мерзімді жоспарларын әзірлеуде Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартында берілген жалпы білім беру мазмұнының базалық құндылықтары мен жалпыадамзаттық және қазақ халқының ұлттық құндылықтарын кіріктіру ұсынылады. Ұлттық тәрбие алған ұрпақ дені сау, білімді, ақылды, ұлтжанды, еңбекқор, сыпайы, кішіпейіл болып өседі.

2025-2026 оқу жылындағы атаулы күндер

- Қазақтың ұлы ақыны, ағартушы, саяси қайраткер Абай (Ибраһим) Құнанбаевтың туғанына 180 жыл (10.08.1845 – 1904);
- Жазушы, қоғам қайраткері, Кеңес Одағының батыры Мәлік Ғабдуллиннің туғанына 110 жыл (15.11.1915-02.11.1973);
- Қазақтың тұңғыш романының авторы, ақын, публицист, мәдениет және қоғам қайраткері Міржақып Дулатовтың туғанына 140 жыл (21.11.1885-05.10.1935);
- Жазушы, қазақ балалар әдебиетінің негізін салушы Сапарғалы Ысқақұлы Бегалиннің туғанына 130 жыл (24.11.1895-05.03.1983);
- Көрнекті ағартушы, тарихшы, публицист, лингвист, географ, музыка зерттеуші, археолог, этнограф Шоқан Шыңғысұлы Уәлихановтың туғанына 190 жыл (1835-1865);
- Халық қаһарманы, жазушы Бауыржан Момышұлының туғанына 115 жыл (24.12.1910-10.06.1982);
- Халық поэзиясының алыбы, ақын, ұлы жыршы Жамбыл Жабаевтың туғанына 180 жыл (1846-1945);
- Қоғам және мемлекет қайраткері, Алаш қозғалысының жетекшісі Әлихан Нұрмұхамедұлы Бөкейхановтың туғанына 160 жыл (25.03.1866-1937);
- Педагог, қоғам қайраткері Ахмет Қуанұлы Жұбановтың туғанына 120 жыл (29.04.1906-1968).

Тәрбиені нормативтік - құқықтық қамтамасыз ету

- Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319 Білім туралы заңы;
- Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы ҚР Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы № 249 Қаулысы;
- «Білім беру ұйымдарында «Біртұтас тәрбие» бағдарламасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2024 жылғы 30 шілдедегі № 194 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2025 жылғы 26 мамырдағы № 123 бұйрығына ;
- «Тиісті типтердегі және түрлердегі мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, қосымша білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы № 385 бұйрығы;
- «Қазақстан Республикасы білім беру саласындағы қызметті жүзеге асыратын террористік тұрғыдан осал объектілерінің терроризмге қарсы қорғалуын ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы» ҚР БҒМ 30.03.2022 ж. № 117 бұйрығы;
- «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» (Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 26 желтоқсандағы № 518-IV Кодексі;
- «Кәмелетке толмағандардың істері және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі комиссия туралы үлгі ережені бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 11 маусымдағы № 789 қаулысы;
- «Балаларды зорлық-зомбылықтан қорғау, суицидтің алдын алу және олардың құқықтары мен саламаттығын қамтамасыз ету жөніндегі 2023 – 2025 жылдарға арналған кешенді жоспарды бекіту туралы» ҚР Үкіметінің 31.08.2023 ж. № 748 қаулысы;
- «Білім беру ұйымдарына және олардың аумақтарына әкелуге тыйым салынған, оларда пайдаланылуы шектелген нәрселер мен заттардың тізбесін бекіту туралы» ҚР БҒМ 25.05.2021 ж. № 235 бұйрығы;
- «Баланың құқықтары туралы» Қазақстан Республикасындағы 2002 жылғы 8 тамыздағы N 345 Заңы;
- «Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларын бекіту туралы ҚР Денсаулық сақтау министрінің 05.08.2021 ж. № ҚР ДСМ-76 бұйрығы;
- «Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту, орта, арнаулы, қосымша, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтері жүргізу үшін міндетті құжаттардың тізбесін және олардың нысандарын бекіту туралы» ҚР БҒМ 6.04.2020 ж. №130 бұйрығы;

- «Орта білім беру ұйымдарында мектепшілік есепке алуды жүргізу жөніндегі әдістемелік ұсынымдарды бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 3 наурыздағы № 61 бұйрығы;
- «Баланы жәбірлеудің (буллингтің) профилактикасы қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 21 желтоқсандағы № 506 бұйрығы.

Мақсаты: Қазақстандық мәдениет құндылықтары негізінде азаматтық жауапкершілік пен патриотизм, парасаттылық пен адалдық, ар-ұждан, рухани-адамгершілік қасиеттерін бойына сіңірген, үйлесімді дамыған тұлға қалыптастыру.

Міндеттері:

- Рухани-адамгершілік қасиеттерді тәрбиелеу;
- Адалдық, әділдік, мейірімділік, ар-ұят пен қамқорлық, қайырымдылық және басқа да адамдық қасиеттерді дамыту;
- Табиғатқа және қоршаған ортаға ұқыптылықпен қарауға тәрбиелеу;
- Азаматтық жауапкершілік пен патриотизмді дамыту;
- Отбасы, қоғам және мемлекет алдындағы өз міндеттеріне саналы көзқарас қалыптастыру;
- Әлеуметтік маңызы бар қызметке белсенді қатысуға тәрбиелеу;
- Еңбексүйгіштік пен өзін-өзі жетілдіруге деген ұмтылысын қалыптастыру;
- Білім алушының жеке басының үйлесімді дамуы үшін жағдай жасау;
- Әрбір білім алушыны тәрбиелеу мен оқытуда даралау мен саралау тәсілдемелерін қамтамасыз ету;
- Білім беру ортасында жағымды психологиялық-педагогикалық ахуал қалыптастыру;
- Білім беру ұйымдарында оқушылардың психологиялық қауіпсіздігі мен әл-ауқатын қамтамасыз ету мақсатында білім беру ортасында жағымды психологиялық-педагогикалық ахуалды қалыптастыру;
- Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға қолдау көрсету;
- Отбасын білім беру ұйымдарындағы тәрбие процесіне тарту.

«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасын жүзеге асыруға бағытталған іс-шаралар жоспары

Қыркүйек				
Еңбекқорлық пен кәсібилік				
Апта дәйексөзі: Білім – қымбат қазына, қанағат тұтпа азына (Мұзафар Әлімбаев)				
1	1 қыркүйек – Білім күні 1. «Білім күні. Бейбітшілік күні!». Білім күніне арналған салтанатты жиын.	Әдістемелік әзірleme, әлеуметтік желілерде жариялау	ДТІЖО кураторлар	2 қыркүйек
2	2. «Білім алушылардың құқықтары мен міндеттері» 1 курс студенттеріне арналған тақырыптық сағат. 3. «Адал адам. Адал еңбек. Адал табыс!». Тәрбие сағаттары (2,3,4 курстар)	Хаттама	кураторлар	
3	Қазақстан халқының тілдері күніне арналған іс-шараларды ұйымдастыру және өткізу: 1. «Ана тілім – арым бұл! Кураторлық сағаты. 2.«Тілім менің – мерейім!». Ашық сабақ	Анықтама әлеуметтік желілерде жариялау	ДТІЖО кураторлар тіл пәндері мұғалімдері	1-апта
Апта дәйексөзі: Жанұям – қорғаным, ата-анам – тірегім!				
4	Отбасы күніне арналған шаралар: «Отбасы – адамзат бесігін тербеткен ұя!». Кураторлық сағат.	Анықтама	ДТІЖО кураторлар	2-апта
5	«Саналы некеге қадам» Жастарға отбасын жоспарлау және репродуктивті денсаулық тақырыбында тренинг.		Психолог Мейірбике	
6	«Кел, танысайық!». Тренинг. 1 курс.	әлеуметтік желілерде жариялау, жұмыс	ДТІЖО Кураторлар	2 апта

2025-2026 оқу жылына арналған тәрбие жұмысының Ж О С П А Р Ы

		материалдары	Өзін-өзі басқару ұйымы	
Апта дәйексөзі: Ақырын жүріп анық бас, еңбегің кетпес далаға! (Абай)				
7	Спорттық/ұлттық ойындар ұйымдастыру және өткізу. «Ұлттық ойын – ұлт қазынасы» («алдын алу шаралары»)	Әлеуметтік желілерде жариялау, Анықтама	ДТІЖО кураторлар Дене шынықтыру мұғалімдері	3-апта
8	«Достық заңынан асқан заң жоқ!». «Қазақстан халықтар Ассамблеясы» мүшелерімен және «Қоғамдық келісім» мемлекеттік мекемесінің қызметкерлерімен мотивациялық кездесу.	Хаттама, әлеуметтік желілерде жариялау	ДТІЖО «Қазақстан халықтар Ассамблеясының» жергілікті мүшелері, «Қоғамдық келісім» мемлекеттік мекемесінің қызметкерлері	3-апта
10	«Қатты тәртіп көрсе бала күнінде...» Құқық қорғау органының қызметкерлерімен кездесу («алдын алу шаралары»)	Әлеуметтік желілерде жариялау, Анықтама	ДТІЖО ұқық қорғау органының қызметкерлері	3-апта
Апта дәйексөзі: Еңбек – жай ғана қызмет емес, адам болмысының айнасы. (Абай)				
11	Колледждің жалпы ата-аналар жиналысы: 1. 2024-2025 оқу жылының қорытындысы және алдағы міндеттерді анықтау.	Хаттама	Колледж әкімшілігі, кураторлар, психолог	4-апта
12	«Ойынға салауатты көзқарас». Салауатты әдеттерді дамыту, уақыт пен эмоцияларды басқару, балама қызығушылықтар мен хоббиді дамыту бойынша шеберлік сабақтарын өткізу. 1-2 курсы. («Ойынға салауатты көзқарас» алдын алу шаралары)	әлеуметтік желілерде жариялау, жұмыс материалдары	ДТІЖО кураторлар, психолог	4-апта

2025-2026 оқу жылына арналған тәрбие жұмысының Ж О С П А Р Ы

	«Мамандығымның сырлары». саяхаттар. («Еңбегі адал – жас өрен» жобасы)	Өндірістік	Әлеуметтік желілерде жариялау	Директордың өндірістік оқыту және оқу-тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасарлары кураторлар, арнайы пән оқытушылары	4-апта
Қазан Тәуелсіздік және отаншылдық					
Апта дәйексөзі: Ел-жұртымның бақыты аталатын, Сөнбесін мәңгі сенің, Отан, атың!					
13	Халықаралық қарттар күніне арналған шаралар: 1. «Қарты бардың – қазынасы бар». Кураторлық сағаттары.		Әлеуметтік желілерде жариялау Анықтама	ДТІЖО кураторлар,	1-апта
14	2. «Қарттарын қадірлеген ел ардақты». «Қоғамға қызмет ету» волонтерлық акциясы («Қамқор» жобасы)		Әлеуметтік желілерде жариялау Анықтама	ДТІЖО Өзін-өзі басқару ұйымы	
15	«Ұстазыңды атаңнан да әзіз тұт!». Мұғалімдер күні қарсаңында алғашқы мұғаліміне/ сүйікті тәрбиешісіне арналған бейне хабарлама түсіру челленджі		Әлеуметтік желілерде жариялау	ДТІЖО кураторлар колледждің өзін-өзі басқару ұйымы	1-апта

2025-2026 оқу жылына арналған тәрбие жұмысының Ж О С П А Р Ы

	(«Шабыт» жобасы)			
Апта дәйексөзі: Туған жердей жер болмас, туған елдей ел болмас!				
16	"Ата Заңым - ардақтым" Пікірсайыс турнирі («Ұшқыр ой алаңы» жобасы)	әлеуметтік желілерде жариялау Анықтама	ДТІЖО өзін өзі басқару ұйымы	2-апта
17	«Табиғатқа қамқорлық жасаймыз» акциясы: колледж ауласын тазалау, («Еңбегі адал – жас өрен» жобасы)	әлеуметтік желілерде жариялау	ДТІЖО кураторлар, өзін-өзі басқару ұйымы	2-апта
Апта дәйексөзі: Отанды сүю – отбасынан басталады!				
18	«Медиа қауіпсіздік әлемінде». Құқықтық сағат. 1-2 курстар («Цифрлық әлемде қауіпсіз қадам» жобасы)	әлеуметтік желілерде жариялау Анықтама	ДТІЖО кураторлар, құқықтану пәнінің оқытушысы	3-апта
20	«Тәртіпке бағынған құл болмайды». Құқық қорғау органының қызметкерлерімен кездесу	Анықтама	ДТІЖО кураторлар, құқық қорғау органының қызметкерлері	3-апта
9	"Қазақстан - менің жарқын болашағым!" Эссе байқауы	Әлеуметтік желілерде жариялау, Анықтама	Қазақ тілі пән мұғалімдері	
	«Патриотизм дауысы» Жаппай әнұран орындау акциясы	Әлеуметтік желілерде жариялау,	ДТІЖО кураторлар	
21	«Менің елім – Қазақстаным!». Республика күніне	Әдістемелік әзірleme,	ДТІЖО	

2025-2026 оқу жылына арналған тәрбие жұмысының Ж О С П А Р Ы

	арналған салтанатты шара	әлеуметтік желілерде жариялау	кураторлар Өзін-өзу басқару ұйымы	
Апта дәйексөзі: Отаным – алтын бесігім!				
23	Әдептілік – әдемілік белгісі: адамгершілік негіздері». Тренинг. («алдын алу шаралары»)	әлеуметтік желілерде жариялау Анықтама	ДТІЖО кураторлар психолог	4-апта
Қараша Әділдік және жауапкершілік				
Апта дәйексөзі: Әділдік пен жауапкершілік – біртұтас ұғым!				
24	«Кітап – сарқылмас рухани». Әдеби кейс («Оқуға құштар колледж» жобасы)	әлеуметтік желілерде жариялау	ДТІЖО кураторлар Қазақ және орыс тілі пәндерінің мұғалімдері	1-апта
Апта дәйексөзі: Тура биде туған жоқ!				
26	Халықаралық студенттер күніне орай өткізілетін шаралар: 1. Өзін өзі басқару күні; 2. «Спорт – бақытқа бастар жол». («алдын алу шаралары»)	Әлеуметтік желілерде жариялау, жарыстардың хаттамасы	ДТІЖО кураторлар, дене шынықтыру пәнінің мұғалімдері	2-апта
Апта дәйексөзі: Жауапкершілік – адамгершілік қасиеттің көрінісі				
27	«Тапқыр болсаң озып көр». Интеллектуалдық ойын. («Ұшқыр ой алаңы» жобасы)	әлеуметтік желілерде жариялау	ДТІЖО кураторлар,	3-апта

2025-2026 оқу жылына арналған тәрбие жұмысының Ж О С П А Р Ы

		Анықтама		
Апта дәйексөзі: Әділетте берік болсаң аяғың таймайды!				
28	TEDx форматындағы «Startup» байқауы: Инновациялық идеялардың презентациясы. («SMART BALA» жобасы)	әлеуметтік желілерде жариялау Анықтама	ДТІЖО кураторлар, арнайы пән оқытушылары, өзін-өзі басқару ұйымы	4-апта
29	«Өмірге салауатты қадам». Нарколог дәрігерлермен кездесу. («алдын алу шаралары»)	Анықтама әлеуметтік желілерде жариялау	ДТІЖО кураторлар, колледж медбикесі, учаскелік инспектор, нарколог-дәрігерлер	4-апта
30	«СПИД – қасірет қақпаны». Дүниежүзілік ЖИТС-пен күресу күніне орай медицина саласының қызметкерлерімен кездесу («алдын алу шаралары»)	Анықтама әлеуметтік желілерде жариялау	ДТІЖО кураторлар, колледж медбикесі, емхананың медициналық қызметкерлері	4-апта
Желтоқсан				
Бірлік және ынтымақ				
Апта дәйексөзі: Бірлігі күшті ел озады				
31	«Мен оқып шықтым, сізге де оқуға кеңес беремін». Библио-жарыс. («Оқуға құштар колледж»)	әлеуметтік желілерде жариялау Хаттама	ДТІЖО кураторлар, пән оқытушылары, кітапханашы	1-апта

2025-2026 оқу жылына арналған тәрбие жұмысының Ж О С П А Р Ы

32	Халық қаһарманы, жазушы Бауыржан Момышұлының туғанына 115 жыл Ерлік сабағы	Анықтама әлеуметтік желілерде жариялау	Алғашқы әскери дайындық пән оқытушысы	
Апта дәйексөзі: Ынтымақ жүрген жерде ырыс бірге жүреді				
33	Халықаралық сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес күніне орай «Адалдық – адамгершілік белгісі». Дебат. («Ұшқыр ой алаңы» жобасы)	Әдістемелік әзірleme, әлеуметтік желілерде жариялау,	ДТІЖО кураторлар, құқықтану пәнінің оқытушысы, өзін өзі басқару ұйымы	2-апта
34	Тәуелсіздік күніне арналған шаралар: Мен өз елімді мақтан тұтамын. Кураторлық сағат. «Тәуелсіздік – бастауы бар бақыттың!». Өлең оқу челленджі. «Тәуелсіздік – елімнің ерлік жолы!». Салтанатты шара.	Әдістемелік әзірleme, Әлеуметтік желілерде жариялау	ДТІЖО кураторлар, қазақ және орыс тілі пәндер мұғалімдері	2-апта
Апта дәйексөзі: Бірлік болмай тірлік болмас				
35	«Бірлігі жоқ ел тозады». Кураторлық сағат	әлеуметтік желілерде жариялау Анықтама	ДТІЖО кураторлар	3-апта
36	Келісім мен ынтымақ – жетістіктің кепілі. Эссе	Әлеуметтік желілерде жариялау	ДТІЖО кураторлар, қазақ және орыс тілі пәндер мұғалімдері	3-апта
Апта дәйексөзі: Ынтымақ – бұзылмайтын қорған				

2025-2026 оқу жылына арналған тәрбие жұмысының Ж О С П А Р Ы

37	«Жасөспірімдер арасындағы буллинг және кибербуллинг». Ата-ана сағаты («алдын алу шаралары»)	Хаттама әлеуметтік желілерде жариялау	ДТІЖО кураторлар	4-апта
38	«Ынтымақ – бұзылмайтын қорған». Жастар ресурстық орталығының мамандарымен кездесу.	Анықтама әлеуметтік желілерде жариялау	ДТІЖО кураторлар, жастар ресурстық орталығының мамандары	4-апта
Қаңтар Заң және тәртіп				
Апта дәйексөзі : Талап бар жерде тәртіп бар				
39	«Таза сессия» акциясы: 1. «Сыбайлас жемқорлықсыз болашақ». Құзырлы орган қызметкерлерімен кездесу. 2. «Біз жемқорлыққа қарсымыз». Кураторлық сағат. 3. «Жемқорлыққа жол!» Студенттерден сауалнама алу («Саналы ұрпақ» жобасы)	Хаттама, сауалнама нәтижесі, әлеуметтік желілерде жариялау,	ДТІЖО кураторлар, құзырлы орган қызметкерлері, «Саналы ұрпақ» кеңсенің жетекшісі	1-апта
Апта дәйексөзі : Тәртіп – тәрбие бастауы				
40	«Кітап айналымы» акциясы: буккроссинг бұрышын толықтыру және жаңарту.	Әлеуметтік желілерде жариялау	ДТІЖО кураторлар, кітапханашы	2-апта
41	«Өз құқығыңды білесің бе?». Құқықтану мәселелері	Анықтама	ДТІЖО	2-апта

2025-2026 оқу жылына арналған тәрбие жұмысының Ж О С П А Р Ы

	бойынша викторина ойыны («Ұшқыр ой алаңы» жобасы)	әлеуметтік желілерде жариялау	кураторлар, кұқықтану пәнінің оқытушысы	
Апта дәйексөздері: Әділ заң – аспан тірегі				
42	«Қауіпсіз интернет». Тақырыптық сағат. («Цифрлық әлемде қауіпсіз қадам» жобасы)	әлеуметтік желілерде жариялау Анықтама	ДТІЖО кураторлар	3-апта
Апта дәйексөзі: Тәртіпсіз ел болмайды				
43	«Денсаулық және мен: темекінің зияндылығы». Кураторлық сағат.	әлеуметтік желілерде жариялау, жұмыс материалдары	ДТІЖО кураторлар	4-апта
Ақпан Жасампаздық және жаңашылдық				
Апта дәйексөзі: Жасампаздық – бәрімізге өнеге				
44	«Қоғамдық мүлікті қорға» Вандализмге қарсы плакаттар, граффити немесе иллюстрациялар жасау. («алдын алу шаралары»)	Әлеуметтік желілерде жариялау, жұмыс материалдары	ДТІЖО кураторлар	1-апта
45	«Жақсы мінез – сарқылмас байлық». Кураторлық сағат	Анықтама Әлеуметтік желілерде жариялау	ДТІЖО кураторлар	1-апта
Апта дәйексөзі: Шығармашыл бала – ойлы бала				
46	«Сен және Заң». Дебат («Ұшқыр ой алаңы» жобасы)	Әлеуметтік желілерде жариялау	ДТІЖО кураторлар, кұқықтану пәнінің оқытушысы, өзін өзі	2-апта

2025-2026 оқу жылына арналған тәрбие жұмысының Ж О С П А Р Ы

			басқару ұйымы	
Апта дәйексөзі: Өнерлі бала өрге жүзер				
48	«Өмірге салауатты қадам». Жасөспірімдер арасында синтетикалық есірткінің (Интернет-ресурстары арқылы) таралуының алдын алу бойынша түсіндіру іс-шаралары Құқық қорғау органы қызметкерлерімен кездесу. («алдын алу шаралары»)	Хаттама, әлеуметтік желілерде жариялау	ДТІЖО кураторлар, колледжа медбикесі, әлеуметтік педагог, құқық қорғау органы қызметкерлері	3-апта
Апта дәйексөзі: Жаңашылдық – заман талабы				
49	«Түлектердің ағаш егуі». Экочеллендж («Қамқор»жобасы)	Әлеуметтік желілерде жариялау	Колледж әкімшілігі, кураторлар	4-апта
50	Алғыс айту күніне арналған шаралар: 1. «Мың алғыс...». Кураторлық сағат 2. «Туған жерім – жүрегімде!». Білім алушылардың арасынан түрлі этнос өкілдерінің құттықтау челленджі.	Әдістемелік әзірleme, әлеуметтік желілерде жариялау	ДТІЖО кураторлар, өзін-өзі басқару ұйымы	4-апта
Наурыз Тәуелсіздік және отаншылдық				
Апта дәйексөзі: Патриотизм – ата-ананды құрметтей білуің...(Б.Момышұлы)				
51	«Табиғатқа қамқорлық жасаймыз» акциясы. Колледж ауласын тазалау («Еңбегі адал – жас өрен» жобасы)	Әлеуметтік желілерде жариялау	ДТІЖО кураторлар	1-апта
52	«Ананың аялы алақаны». Челлендж. («Шабыт» жобасы)	Әлеуметтік желілерде жариялау	ДТІЖО кураторлар	1-апта

2025-2026 оқу жылына арналған тәрбие жұмысының Ж О С П А Р Ы

53	«Бәрі де, Ана, бір өзіңнен басталды». Кураторлық сағат	Әдістемелік әзірleme, әлеуметтік желілерде жариялау	ДТІЖО кураторлар	1-апта
Апта дәйексөзі: Тәуелсіздік – тәтті сөз ғана емес, ұлттық жауапкершілік				
54	«Жер сағаты». Экологиялық акция («Қамқор» жобасы)	Әлеуметтік желілерде жариялау	ДТІЖО кураторлар	2-апта
Апта дәйексөзі: Ар-намыс қана тәуелсіздікке тірек бола алады				
55	«Ұлттық сезім». Ұлттық мәдениетті және ұлттық киімді танымал ету флешмобы	Әлеуметтік желілерде жариялау	ДТІЖО кураторлар	3-апта
56	Наурыз мерекесіне арналған шаралар: 1. Наурыз – құт-береке бастауы!». Бауырсақ-party 2. «Ұлыстың Ұлы күні – Наурыз мейрамы!». Мерекелік шара	Сценарийлер, әлеуметтік желілерде жариялау	ДТІЖО кураторлар	3-апта
Апта дәйексөзі: Патриотизмі жоқ халық жаны жоқ тәнмен тең				
57	«Берік достық бұзылмайды». Сахналастырылған қойылымдар байқауы. («Шабыт» жобасы)	Сценарий, Әлеуметтік желілерде жариялау, жұмыс материалдары	ДТІЖО кураторлар	4-апта
58	«Бала тәрбиесі – ортақ міндет». Ата-ана сағаты	Әлеуметтік желілерде жариялау, жұмыс материалдары	ДТІЖО кураторлар	4-апта
Сәуір Еңбекқорлық және кәсіби біліктілік				
Апта дәйексөзі: Еңбек – қуаныш, жалқаулық – айырылмас азап. (Абай)				

2025-2026 оқу жылына арналған тәрбие жұмысының Ж О С П А Р Ы

59	«Жастық шақтың жарқын бейнелері». Жайдарман байқауы («Шабыт» жобасы)	Сценарий, әлеуметтік желілерде жариялау,	ДТІЖО кураторлар, өзін өзі басқару ұйымы	1-апта
60	«Еңбек – қуаныш, жалқаулық – айырылмас азап». Кураторлық сағат	Хаттама, әлеуметтік желілерде жариялау	ДТІЖО кураторлар	1-апта
Апта дәйексөзі: Көп еңбек еткенге бақыт басын иеді. (Леонардо да Винчи)				
61	«Денсаулық фестивалі». 7 сәуір күніне арналған спорттық шаралар	әлеуметтік желілерде жариялау, спорт жарыстарының хаттамалары	ДТІЖО кураторлар, дене шынықтыру пән мұғалімдері	2-апта
62	«Білім – ең мықты қару». Дебат. («Ұшқыр ой алаңы» жобасы)	Әлеуметтік желілерде жариялау	ДТІЖО кураторлар, құқықтану пәнінің оқытушысы, өзін өзі басқару ұйымы	2-апта
63	«Экостильдегі өмір». Экологиялық сағат. («Қамқор» жобасы)	әлеуметтік желілерде жариялау	ДТІЖО кураторлар	2-апта
Апта дәйексөзі: Болашағы зор мамандықтар жоқ, тек болашағы зор мамандар бар				
64	«Мамандығымның сырлары». Өндірістік саяхаттар. («Еңбегі адал – жас өрен» жобасы)	әлеуметтік желілерде жариялау	ДТІЖО кураторлар	3-апта
65	«Сапта жүру және ән айту» <u>байқауы</u> («Шабыт» жобасы)	Сценарий, әлеуметтік желілерде жариялау	ДТІЖО АЭЖТД пән оқытушысы	3-апта

2025-2026 оқу жылына арналған тәрбие жұмысының Ж О С П А Р Ы

66	«Өмір, мен сені сүйемін!» Психологиялық тренинг («алдын алу шаралары»)	Әлеуметтік желілерде жариялау, жұмыс материалдары	ДТІЖО психолог	3-апта
Апта дәйексөзі: Білікті білім жинап кәсіп етер, білімнің дәмін татып өсіп өнер				
67	«Ата-ананың тәрбиесін жүз мектеп бере алмайды». Жалпы ата-аналар жиналысы	Хаттама	ДТІЖО кураторлар	3-апта
68	«1 мамыр – Қазақстан халқының бірлігі күніне» арналған «Гүлдене бер, туған жерім!». Кураторлық сағат.	әлеуметтік желілерде жариялау Анықтама	ДТІЖО кураторлар	3-апта
Мамыр Бірлік және ынтымақ				
Апта дәйексөзі: Күннің көзі ортақ, жақсының сөзі ортақ				
69	«Халықтың ерлігі ғасырлар бойы өмір сүреді! Кураторлық сағат	Анықтама, әлеуметтік желілерде жариялау	ДТІЖО кураторлар	1-апта
70	«Жас Сарбаз». Әскери-патриоттық ән фестивалі» («Шабьт» жобасы)	Сценарий, әлеуметтік желілерде жариялау	ДТІЖО АЭжТД пән оқытушысы	1-апта
Апта дәйексөзі: Бірлік жоқ болса ұйым жоқ, ұйым жоқ болса күнің жоқ				
71	«Ата-ананың тәрбиесі – бала мінезінің іргетасы». Ата-ана сағаты	Жоспар, әлеуметтік желілерде жариялау	ДТІЖО кураторлар, психолог	2-апта

2025-2026 оқу жылына арналған тәрбие жұмысының Ж О С П А Р Ы

72	12 - мамыр Мейірбикелер күніне арналған іс-шаралар легі	Жоспар, әлеуметтік желілерде жариялау	ДТІЖО Кураторлар Арнайы пән оқытушылары	
73	«Табиғатқа қамқорлық жасаймыз» акциясы: Колледж ауласын тазалау («Еңбегі адал – жас өрен» жобасы)	Әлеуметтік желілерде жариялау	ДТІЖО кураторлар	2-апта
Апта дәйексөзі: Жалғанда ойлап тұрсаң бірлік керек, бірлікті ойлау үшін тірлік керек. (Төле би)				
74	«Жаман әдет жастарға жат» Суреттер байқауы	Әлеуметтік желілерде жариялау, жұмыс материалдары	ДТІЖО кураторлар,	3-апта
Апта дәйексөзі: Тату елге тыныштық пен тоқшылық нәсіп. /Күлтегін/				
75	«Тәртіп - тән үшін, ынтымақ – жан үшін керек». Жастар ресурстық орталығының мамандарымен кездесу.	Хаттама, әлеуметтік желілерде жариялау	ДТІЖО кураторлар, психолог, жастар ресурстық орталығының мамандары	4-апта
76	Саяси қуғын - сүргін құрбандарын еске алу Дөңгелек үстел	Хаттама, әлеуметтік желілерде жариялау	ДТІЖО кураторлар, тарих пәнінің оқытушысы, өзін өзі басқару ұйымы	
Маусым Жасампаздық және жаңашылдық				
Апта дәйексөзі: Ең берік қамал – Отанға деген сүйіспеншілік				

2025-2026 оқу жылына арналған тәрбие жұмысының Ж О С П А Р Ы

77	Мемлекеттік рәміздер – ұлттық мақтанышымыз». Кураторлық сағат	Анықтама, әлеуметтік желілерде жариялау	ДТІЖО кураторлар, психолог	1-апта
78	Ел Рәміздері – елдігімнің реңі, теңдігімнің тірегі. Салтанатты шара	Сценарий, әлеуметтік желілерде жариялау	ДТІЖО кураторлар, өзін-өзі басқару ұйымы	1-апта
Апта дәйексөзі: Бірлік пен жасампаздық – ел бағдары				
79	«Таза сессия» акциясы: 1. «Сыбайлас жемқорлықсыз болашақ». Құзырлы орган қызметкерлерімен кездесу. 2. «Біз жемқорлыққа қарсымыз». Кураторлық сағат. 3. «Жемқорлыққа жол!» Студенттерден сауалнама алу	Хаттама, сауалнама нәтижесі, әлеуметтік желілерде жариялау	ДТІЖО кураторлар, құзырлы орган қызметкерлері, «Саналы ұрпақ» кеңсенің жетекшісі	2-апта
Апта дәйексөзі: Жасампаз халық болуымыз қажет. (Қ.К.Тоқаев)				
80	«Нашақорлық маған жат!». Құқық қорғау органы қызметкерлерімен, нарколог-дәрігерлермен кездесу (алдын алу шаралары «Өмірге салауатты қадам»)	Хаттама, сауалнама нәтижесі, әлеуметтік желілерде жариялау	ДТІЖО кураторлар, дәрігер-нарколог, жергілікті құзыретті орган өкілдері	3-апта
81	Оқу жылының қорытындысын шығару: белсенділер мен жеңімпаздарды марапаттау	Хаттама, әлеуметтік желілерде жариялау	Колледж әкімшілігі, кураторлар	4-апта



2025-2026 оқу жылына арналған тәрбие жұмысының Ж О С П А Р Ы

ДТІЖО

А.Ж.Исабекова